ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 01 сәуір №7119-25-00-2/1483 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Ж.Ж.Нұрғалиева
сот отырысының хатшысы А.Галиеваның отыруында ашық сот отырысында электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениеткомитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» РМҚК

ЖАУАПКЕР:
«Fast Telecom» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Рашитова Б.
талап қоюшының өкілі Сыдыгалиева А.Д.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениеткомитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» РМҚК (бұдан әрі – Музей,Талапкер) және «Өнім беруші» деп аталынатын жшс Fast Telecom бұдан әрі – Өнім беруші,Жауапкер) арасында 06.01.2025 жылғы No2 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) жасалған болатын.

Шарттың 1-ші қосымшасына сәйкес, шарт бойынша сымсыз желілер бойынша кеңжолақты Интернетке рұқсат беру бойынша қызметтерді көрсету.

Техникалық ерекшелік шарттарына сәйкес шарт жасасқан күннен бастап, 2 (екі) жұмыс күні ішінде Интернетке қосылу бойынша қызметтер.

Документ подписан: Нурғалиева Ж. Д., 08.04.2025
Дата вступления в законную силу: 08.05.2025, судья Баймуразина А. А., 12.05.2025
7119-25-3-1/1038

Алайда, шарт бойынша сәйкес қызметтер жауапкермен орындалмады.

Сол себептен шарт 14.02.2025 жылы бұзылды.

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және 94 000 тенге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот отырысында талапкердің өкілі талап арызды қолдап, көрсетілген негіздер бойынша қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғанымен жауапкер сот отырысына қатыспады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекісінің (бұдан әрі – АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды мүмкін деп санайды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Жауапкер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуы және жеңімпаз болып табылуы оның мемлекеттік сатып алу туралы шарттың талаптарын орындауға міндетті екенін білдіреді.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда тараптар мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениеткомитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» РМҚК (бұдан әрі – Музей,Талапкер) және «Өнім беруші» деп аталынатын жшс Fast Telecom бұдан әрі – Өнім беруші,Жауапкер) арасында 06.01.2025 жылғы No2 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) жасалған болатын.

Шарттын жалпы соммасы 4 699 999.00 тенге.

Шарттың 1-ші қосымшасына сәйкес, шарт бойынша сымсыз желілер бойынша кеңжолақты Интернетке рұқсат беру бойынша қызметтерді көрсету.

Техникалық ерекшелік шарттарына сәйкес шарт жасасқан күннен бастап, 2 (екі) жұмыс күні ішінде Интернетке қосылу бойынша қызметтер.

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 08.04.2025
Дата вступления в законную силу: 08.05.2025, судья Баймурзина А. А., 12.05.2025
7119-25-3-1/1038

Алайда, шарт бойынша сәйкес қызметтер жауапкермен орындалмады.

Сол себептен шарт 14.02.2025 жылы бұзылды.

Жауапкер шарттың бұзылғанын сот тәртібімен дауламаған.

Шарттың 7.3-тармағына сәйкес, қызмет көрсету мерзімдері кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіден міндеттемелерді толық орындамаған жағдайда, Мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не орындалмаған соманың 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) міндеттемелерді тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда, Мерзімі өткен әрбір күн үшін міндеттемелер. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспауға тиіс.

Яғни, шарттын жалпы соммасы 4 699 999.00 (төрт миллион алты жүз тоқсан тоғыз мың тоғыз жүз тоқсан тоғыз) тенге х 0,1% х 20 (күн) (10.01.2025 ж – 01.02.2025 ж.) = 94.000 тенге.

Мұндай жағдайларда, сот әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемені орындамаған деген қорытындыға келеді. Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-баптарына сәйкес, жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж өндіріп алынуға жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениеткомитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» РМҚК «Fast Telecom» ЖШС- ні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Fast Telecom» ЖСШ-ні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Fast Telecom» ЖСШ- нен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мын тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«Fast Telecom» ЖШС-нен Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениеткомитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» РМҚК пайдасына 94 000 (тоқсан төрт мың) теңге сомасында тұрақсыздық айыбын, 2 820 (екі мың сегіз жүз жиырма) теңге сомасында мемлекеттік баж өндірілсін.

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 08.04.2025

Дата вступления в законную силу: 08.05.2025, судья Баймурзина А. А., 12.05.2025

7119-25-3-1/1038

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ж.Ж. Нұрғалиева**

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 08.04.2025

Дата вступления в законную силу: 08.05.2025, судья Баймуразина А. А., 12.05.2025

7119-25-3-1/1038